



Автор: Хамит Ерлан Ғалымжанұлы

Пән: Қазақ тілі (Т1)

Сынып: 6-сынып

Бөлім: Ұлттық және отбасылық құндылықтар

Тақырып: Ұлттық құндылықтар-ел қазынасы

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	6.1.2.Әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі (ән мәтіні, хабарлама, жарнама, хабарландыру) көтерілген мәселені түсіндіру. 6.2.1.3 .Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты түсіну, анықтау.
Сабақтың мақсаты:	Ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын ұлттық құндылықтар мен жалпы адамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын ұлтжанды тұлға қалыптасады
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар орындай алады: Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: егде кісі, бозбала, сұр шекпен, өңір –жаға, жиек; жалаңбас, әзірше, қауым. (егде, жасамыс, кәрі, кексе, қарт, қартамыс, қартаң мосқал; Бозбала — он үш жас пен көмелет жасы аралығындағы жас жігіт; сұр шекпен –қара сұр шекпен; жалаңбас-басында бас киімі жоқ; әзірше- қазірше; қауым-ел;) Диалог құруға шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер: Талдауға арналған сұрақтар: Не себептідеп ойлайсыз ишара
Күтілетін нәтиже:	бейнебаяндағы тақырыптағы көтерілген мәселені түсінеді, өз ойын білдіреді. бірлескен әрекетте мәтінді түсініп оқып, негізгі және қосымша ақпаратты анықтайды
Бағалау критерийлері:	Барлық оқушылар орындай алады: бейнебаяндағы тақырыптағы көтерілген мәселені түсінеді, өз ойын білдіреді. Оқушылардың көпшілігі орындай алады: бірлескен әрекетте мәтінді түсініп оқып, негізгі және қосымша ақпаратты анықтайды. Кейбір оқушылар орындай алады: оформляющая нормаға сай қосымша ақпаратқа байланысты түсіндірме жазба жұмысын жазады.
Құндылықтарды дарыту:	отанды сүйю туған жерге деген сүйіспеншілік
АКТ-ны қолдану дағдылары:	интернет, слайд, интерактив
Пәнаралық байланыс:	әдебиет
Бастапқы білім:	«Ыстық орындық» Үш тілді білу –үлкен өнер тақырыбында сұрақтар құрастыру.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Сәлемдесу. Оқушыларды түгелдеу. Оқу құралдарын дайындау. Айтылым. Берілген сұрақты дұрыс түсініп, лайықты жауап беру, шағын диалогке қатысу. 1 тапсырма. Суретті қолдана отырып, сұрақтарға жауап береді, сабақтың тақырыбын түсінеді. Оқушылар қайда отыр? Олар не істеп отыр? Жаңа сабақ. Мәтіналды жұмыс. Жаңа сөздермен және сөз тіркестерімен танысады.	аудио музыка

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	. . Әр ұлттың өзінің ұлттық құндылықтары болады. Бір ұлтты ерекшелендіріп тұратыны оның: тілі, ертегілері, мақал-мәтелдері, лиро-эпостық және батырлар жырлары, әдет- ғұрпы, салт-санасы, менталитеті, мәдениеті, өнері, тағамдары, ұлттық қолөнері, тұрмыстық бұйымдары, ұлттық ойындары, т.б. өзгелерге ұқсамайтын қасиеттері. Осылардың бәрі – ұлттық құндылықтарға жатады. Ұлттық құндылықтарды әр ұлттың ата-бабалары өздерінің өмір сүру салтына байланысты шығарып, пайдаланып, дамытып ұрпақтарына мұра етіп қалдырып отырған. Сондықтан ұлттық құндылықтар сол ұлттың меншігі болып есептеледі.. 1. Мақалдарды дұрыс құрастыр. *Туған жердің қадірін(шетте жүргенде білесің), * Намысы бар жігіттің.....(нар күшіндей күші бар), * Талабы жоқ жас -(қанаты жоқ құс), * Ақылды өзінен көреді.....(ақылсыз ағайыннан көреді), * Жақсының айтқаны келмейді.....(жаманың сандырағы келеді). 2.Тыйым сөздерді жалғатыр. *Бос бесікті..... (тербетпе)} *Нанды бір қолмен.....(үзбе) □ *Жағыңды.....(таянба) □ *Су шашып.....(ойнама) □ *Пышақты шалқасынан.....(қойма) □ *Бас киіммен..... (ойнама) □ *Адамды.....(айналма) □ *Малды.....(теппе) □ *Отпен.....(ойнама) □ *Түнде суға.....(барма) □ 3.Қазақтың құнды өсиеттері. Жеті қазына Жеті ата Ер жігіт 1. Бала Сұлу әйел 2. Әке Ақыл, білім 3.Ата Жүйрік ат 4.Арғы ата Қыран бүркіт 5. Баба Берен мылтық 6. Түп ата Жүйрік тазы (ит) 7. Тек ата Үш арсыз Үш тәтті 1. Ұйқы арсыз 1. Жан тәтті 2. Күлкі арсыз 2. Мал тәтті 3. Тамақ арсыз 3. Жар тәтті	
Сабақтың соңы	Бағалау критерийі:офоргафиялық нормаға сай қосымша ақпараттқа байланысты түсіндірме жазба жұмысын жазады. 7-әрекет. Жұптық жұмыс:«Амандасу мен қоштасу мәдениеттіліктің белгісі» тақырыбына түсіндірме сөз жазу тапсырылады. Дескриптор: — түсіндірме сөз жазудың ерекшелігін айқындайды; -жазбада қолданылатын тілдік құралдарды қолданады; -офоргафиялық нормаға сай жазады; -жариялайды. 8-әрекет. Ұжымдық жұмыс: «Попкорн» әдісі бойынша оқушылар Амандасу, қоштасу туралы түйгендерін айтады. Б.б.б. әдісі арқылы кестені толтыру. Сабақты қортындылау: 1) Ауызекі сөйлеу тілі және жазба тіл дегенді қалай түсінесің? 2) Ауызекі сөйлеудің өзіндік ерекшеліктерін айтыңыз. 3) Тыңдай білу әдебіне не жатады? 4. Үндемей, сөйлеушінің сөзін бөлмей тыңдаудың ерекшелігі неде? 5. Сөйлеушінің сөзіне араласып, өзара ой алмаса тыңдау, оның өзіндік мәні туралы айтыңыз? 6. Сөйлеу әдебіне не жатады? 7. Жүйелі, мәнді сөйлеудің негізгі сапалары қандай? VII Оқушыларды мадақтай отырып бағалау. Білемін Білдім Білгім келеді	
Рефлексия	Төмендегі бос ұяшыққа сабақ туралы өз пікіріңізді жазыңыз. Сол ұяшықтағы Сіздің сабағыңыздың тақырыбына сәйкес келетін сұрақтарға жауап беріңіз	